

Теңізші паспорты туралы ережені бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1 қыркүйек 1994 ж. N 977. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 1134 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.11.2005 N 1134 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Беріліп отырған Теңізші паспорты туралы ереже бекітілсін және ол 1995 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Сыртқы істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ішкі істер министрлігінің келісімі бойынша теңізші паспортының үлгісін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне ұсынсын.

2. СССР Министрлер Советінің 1974 жылғы 31 желтоқсандағы N 997 қаулысымен бекітілген Теңізші паспорты туралы ережеге сәйкес берілген теңізші паспорттарын жаңаларымен ауыстыру 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін жүргізілетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Балық" мемлекеттік акционерлік компаниясының өтінімін ескере отырып, теңізші паспорттары бланкілерінің қажетті санына тапсырыс жасайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі
Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 1 қыркүйектегі
N 977 қаулысымен
Бекітілген
Теңізші паспорты туралы
Ереже

1. Теңізші паспорты шетелге баратын қазақстандық кемелерде немесе шетелдік кемелерде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының азаматтарына беріледі.

Теңізші паспорты шетелде де, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінде де оның иесінің жеке басын куәландыратын құжат болып табылады.

2. Теңізші паспортының иесіне кеме құрамына кірген адам ретінде кемемен

Қазақстан Республикасынан кетуіне және Қазақстан Республикасына келуіне, сол сияқты шетелде жүрген өзінің кемесіне жеке бара жатқанда Қазақстан Республикасынан шығуына және Қазақстан Республикасына дәл осындай тәртіппен келуіне рұқсат етіледі.

3. Теңізші паспортында оның иесі Қазақстан Республикасының азаматы екендігі көрсетіледі және паспорт иесінің жеке басы туралы төмендегідей мәліметтер келтіріледі:

фамилиясы, аты, әкесінің аты;
туған күні, айы және жылы;
туған жері;
белгілері;

кеме мен кеме иесінің аты, өзінің атқаратын қызметі.

1958 жылғы теңізшілердің жеке басын ұлттық куәландыру туралы Конвенция мақсатына сай теңізші паспортында бұл құжаттың теңізшінің жеке басын куәландыратын құжат екендігі жазылады.

Теңізші паспортында паспортты берген порттың (пароход шаруашылығының) аты, паспорттың берілген уақыты мен қолданыс мерзімі көрсетіледі, сондай-ақ паспорттың қолданыс мерзімінің ұзартылғаны туралы, паспорт иесінің қызмет жағдайындағы өзгерістер туралы, паспорт иесінің шетелге барғаны мен Қазақстан Республикасына қайтып оралғаны жөнінде белгілер соғылады.

Теңізші паспортында паспорт иесінің фотосуреті мен қойылған қолы болады.

Теңізшінің паспортына бұдан басқа мәліметтер енгізуге болмайды.

4. Теңізші паспорты бес жылға беріледі. Оның күші бір рет үш жылға ұзартылуы мүмкін, ол уақыт біткен соң паспорт ауыстырылуы керек.

5. Теңізші паспортын алатын адамдар Қазақстан Республикасы азаматының паспортын өзіне теңізші паспортын берген жерге тапсырды.

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты иесінің өтініші бойынша оған азаматтық хал актілерін тіркеу үшін және басқа да қажетті жағдайларда беріледі.

6. Теңізші паспорттарын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі теңіз порттарының капитандары мен өзен пароход шаруашылықтарының бастықтары немесе олардың тапсыруымен осы порттар мен пароход шаруашылығындағы тиісті қызметтердің лауазымды адамдары тапсырады.

Басқа министрліктер мен ведомстволардың қарамағындағы шетелге баратын кемелерде жұмыс істейтін адамдарға теңізші паспортын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі теңіз сауда порттарының капитандары немесе солардың тапсыруымен осы порттардағы тиісті қызметтердің лауазымды адамдары тапсырады.

Теңізші паспорттары берілетін порттардың (пароход шаруашылықтарының)

тізбесін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
б е к і т е д і .

7. Кемеде есептен шыққан кезде теңізші паспортының иесі оны алған жеріне
тапсыруға міндетті. Бұл жағдайда оған Қазақстан Республикасы азаматының
п а с п о р т т ы қ а й т а р ы л а д ы .

8. Теңізші паспортының иесі оны мұқият сақтауға міндетті, ал жоғалтып
алған жағдайда бұл жөнінде өз кемесінің капитанына немесе паспортты берген
порттың капитанына пароход шаруашылығының бастығына хабарлауға тиіс.
Теңізшінің жоғалған паспорты жарамсыз деп саналады.